




ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Қор нарығының инфрақұрылымы





Сұрақтар

- Қор нарығы түсінігінің мәні және мазмұны
- Қор нарығының құрылымы
- Қор нарығының валюта нарығы Форекстен айырмашылығы

Қор нарығы түсінігінің мәні және мазмұны

Өз капиталын арттырғысы келетін кез келген адам қор нарығы түсінігінің мағынасы мен мазмұнын түсінуге тура келеді. Бағалы қағаздар ақша салудың ең көп тараған тәсілі болып табылады, өйткені ол тұрақты пайда және қағаздарды тез сатып алуға және сатуға мүмкіндік беретін қаржы құралы. Бағалы қағаздар қор нарығында саудаға түседі.

Қор нарығы-бұл нарықтық жүйе, оның аясында сатып алушылар мен сатушылар арасында бағалы қағаздардың айналымы жүріп отырады. Уикипедия - қор нарығы бұл қатысушылары арасында бағалы қағаздарды шығару және айналдыру тұрғысынан экономикалық қатынастардың жиынтығы екенін айтады. Қор нарығы, қарапайым сөздермен айтқанда, бұл акцияларды сатып алатын және сататын орын. Теорияда мұндай нарықтың өнім немесе кез келген басқа да тауар сататын нарықтардан айырмашылығы аз, мұнда бағалы қағаздар негізгі сату объектісі болып табылады. Қор нарығының екінші кеңейтілген анықтамасы келесідей болуы мүмкін: қор нарығы - бұл биржалық және биржадан тыс форматтарда түрлі акцияларды сатуға және сатып алуға мүмкіндік беретін жалпыға бірдей капиталдандыру сегменті.

Қор нарығы ағылшын тіліндегі stock market деген сөзден шыққан. Ол әлемдік деңгейдегі қаржы-экономикалық құрал болып табылады және оның негізгі функциясы сатып алу, сату, айырбастау немесе кепіл операциялары арқылы бағалы қағаздар айналымын реттеу. Қор нарығындағы акциялардан басқа облигациялармен және вексельдермен сауда жасалынады. Ең алғашқы қор биржасы 1611 жылы Амстердамда пайда болған, ал қазіргі заманғы қор биржалары түрдегі нарық 1792 жылдың мамыр айында Нью-Йоркте бастама алған.

Көптеген бастаушы компаниялардың өз иелігінде үлкен капиталы жоқ болуы мүмкін, ал прогрессивті идеялар мен технологияларды дамыту елеулі инвестицияны талап етеді. Бұл жағдайда бизнес-жобаны бастамас бұрын құнды қағаздар – акциялар эмиссиясы ұйымдастырылады, бағалы қағаздар нарыққа сатылымға шығарылып оларды инвесторлар сатып алып компания капиталын ұлғайтып жыл сайынғы дивидендтерден пайда алып отырады.

Көбінесе белгілі бір даму кезеңінде, стартап кезінде, немесе қаржылардың қажеттілігіне байланысты, кеңейу мақсатына сай коммерциялық кәсіпорындар бастапқы акциялар шығарады немесе акциялық активтердің қосымша көлемін сатуға шығарып отырады. Барлық жағдайларда да акциялар мен басқа да бағалы қағаздар қор нарығында орталықтандырылған биржалар немесе дербес брокерлер арқылы сатылады.

Қор нарығының мәні-ол компанияларға бағалы қағаздар шығару және сату есебінен инвестиция тартуға, ал инвесторларға акцияларды иелену арқылы пайда алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қор нарығы қаржылық, әлеметтік инфрақұрылым мен адамдардың әл-ауқатын дамытуға мүмкіндік бере отырып, кез келген ел экономикасының құрамдас бөлігі болып табылады.





Қор биржасы-қор нарығының ең басты бөлігі, өйткені соның арқасында бағалы қағаздармен барлық сауда операциялары жасалынады. Қазіргі заманғы биржалар әлемнің барлық түкпірлерінде орналасқан, ең ірісі болып Нью-Йорк биржасы танылады. Әрине, прогрестің және тұрақты дамудың арқасында жаңа биржалар да ашылды, мысалы, өңірлік маңызы бар, мемлекеттік мақсатқа сай көптеген қор биржалары қызмет атқарады. Бірақ бұл салада бірінші позицияны қор нарығының ескі, танымал, ірі өкілдері алып отыр, олар:

1. NYSE Нью-Йорк қор биржасы;
2. NASDAQ;
3. AMEX американдық қор биржасы;
4. Лондон қор биржасы;
5. Токио қор биржасы;
6. Гонконг қор биржасы;
7. Шанхай қор биржасы.

Қор нарығы ақша қаражаттарының экономиканың бір секторынан екіншісіне өтуін қамтамасыз ететін механизм болып табылады. Түсіну оңай болу үшін қарапайым мысал келтірейік. Белгілі бір тауар шығаратын компанияға өндірісті жалғастыру үшін ақша жетіспейді. Бұл ақшаны алу үшін кәсіпорын өз атынан қор нарығына қандай да бір бағалы қағаздар шығарады. Бағалы қағаздар сол компанияның мүлкінің бір үлесі болып табылады. Бұл ретте қажетті ақша сомасы бар басқа компания бұл қағаздарды сатып алады да қаржыға тапшы компания қызметіне ақша құйып сол компанияның мүлкінің белгілі бір үлесін иемденеді. Осылайша, капитал кәсіпорындар мен салалар арасында қайта бөлінеді.

Қор нарығының негізгі мүмкіндіктері

- Сатып алынған акциялардан дивидендтер түрінде тұрақты табыс алу
- Басқа инвесторлардың қаражатын тарту арқылы перспективалы коммерциялық жобаларды дамыту
- Баға белгілеуді өзгерту шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алу-сату есебінен пайда алу
- Табысты брокерлер мен трейдерлерге тиісті сыйақы алумен сенімді басқаруға өз капиталдарын ұсыну
- Дамыған коммерциялық жобаларға дамудың және пайдалылықтың принципті жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін бағалы қағаздардың қосымша эмиссиясын жүргізу

Қор нарығында көптеген қаржылық операциялар жүзеге асырылады. Оны әртүрлі мақсаттар мен түрлі көлемдегі қаржылары бар әртүрлі адамдар түрлі жолдармен қолданады. Қор нарығын қодану мақсатын негізгі 3 топқа жіктеп қарастыруға болады.

1. Бизнес үшін. Кәсіпкерлер бизнесті тиімді жүргізу үшін қор биржасын жиі пайдаланады. Мәселен, дәл осы жерде ірі компаниялар өз акциялары мен облигацияларын сатады, бизнесмен қалауымен опцион сатып алу арқылы немесе фьючерстік келісім-шарт жасау арқылы өз бизнес тәуекелдерін төмендетеді алады. Яғни, кәсіпкерлер үшін биржа ол қосымша капитал тарту мен болашақ тәуекелдерді төмендету көзі.
2. Инвестициялар үшін. Қор нарығының ең дәстүрлі қатысушылары-инвесторлар. Олар бағалы қағаздарды сатып алады, ал оларды табыс табу мақсатында кәсіпкерлер сатады. Инвестор өз алдына ақша салу және болашақта пайда табу мақсатын қойып отыр. Әдетте, ол ұзақ мерзімді салым жасайды және тым үлкен пайдға үміттенеді, ол үшін ақшасының сақталуы және белгілі бір пайда әкеліп отыруы маңызды. Инвесторлар дивиденттерді көздейді.
3. Алыпсатарлық үшін. Қазіргі уақытта қор биржасындағы қатысушылардың басым көпшілігі – алыпсатарлар. Олар белгілі бір активті арзан сатып алып, кейінгітек оны қымбатқа сатуға тырысады. Инвесторлардан айырмашылығы, алыпсатарлықтар бағалы қағаздар бойынша төлемдер, дивидендтер, пайыздар қызықтырмайды, олардың қызығушылығы – бұл бағалы қағаздар құнының өсуі немсе төмендеуі арасындағы пайданы табу. Табыс табу үшін ол болашақта қор нарығындағы бағалы қағаздар құны қайда қозғалатынын дұрыс болжап, тиісті активке қаржы салып, тәуекелді барынша төмендетуге тырысу керек.

Жоғарыда айтылғандай, қор нарығында бағалы қағаздар айналымға түседі, бірақ бағалы қағаздардың әртүрлі болуы мүмкін. Солардың ішіндегі ең кең таралған мынадай активтерін бөліп қарастыруға болады:

- Жай акциялар-дивидендтерді алу және акционерлердің жиналысына қатысу құқығымен еркшеленетін компанияның меншігіндегі үлес болып табылатын активтің ең көп таралған түрі
- Артықшылықты акциялар - олар дивидендтен тіркелген табысты бірінші болып алуға мүмкіндік береді, бірақ акционерлердің жиналысына қатысу құқығын шектейді. Акционерлік қоғам тараған кезде, бұл акция иегерлері осы компаниядағы үлестерін бірінші болып алады.



- Облигациялар-бұл белгілі бір мерзім өткеннен кейін пайыздармен қоса оның номиналды құнын қайтарып алуға құқық беретін, өзінің мәні бойынша борыштық қолхат болып табылады. облигациялар мемлекеттік, корпоративтік немесе муниципалдық болуы мүмкін.

Қор нарығының құрылымы

Қор нарығының үш негізгі сегменті бар

1. Бастапқы нарық. Дәл осы жерде жас компаниялар өз акцияларын листингтік операторлар арқылы алғаш рет сатылымға қор нарығына шығарады. Осы нарықта, әдетте, тез өсу перспективасы бар инновациялық жобаларды қаржыландыруға бағытталған ақша айналымы жүріп отырады. Бұл сегменттің негізгі ойыншылары - алдағы стартаптарды мұқият талдайтын ірі инвестициялық, венчурлық қорлар мен хедж-қорлар.
2. Қайталама нарығы. Бұл секторда ағымдағы бағам бойынша қайта шығарылған акцияларды белсенді сатып алу-сату жүргізіледі. Бұл нарық капиталды ұлғайту мақсатында бұрыннан қызмет атқарып келе жатқан компаниялардың бағалы қағаздарын айналдыруға арналған.
3. Биржадан тыс қор нарығы. Бұл нарықтаекі негізгі ойыншы – трейдер мен брокерлер жұмыс істейді, олар қашықтан немесе телефон режимінде өзара мәмілелер жасайды. Мұндай CFD келісімшарттарында интернетте жұмыс істейтін сауда платформалары белсенді қолданылады. Қазіргі уақытта онлайн трейдинг ондаған мың желі пайдаланушыларының ең танымал мамандығына айналды.

Қор нарығында қатысушылардың 5 түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Бағалы қағаздар шығаратын нарық қатысушылары. Олар Эмитенттер деп аталады. Бұл, мысалы, акциялар мен облигациялар шығаратын кәсіпорындар, сондай-ақ облигациялар шығаратын мемлекет субъектілері. Эмитенттер ретінде өз акцияларын биржаға енді шығаратын компаниялар шығады. Бастапқы эмиссия IPO - Initial Public Offering деп аталады. Осының есебінен эмитент өз бизнесін бастау, дамыту және компания пайдасының өсуі үшін инвестиция алады.
2. Бағалы қағаздар айналымын ұйымдастыратын, мәмлелерді жасау ережелерін қадағалайтын нарық қатысушылары.
 - Депозиторийлер - бағалы қағаздардың есебін жүргізеді және сертификаттарды сақтайды;
 - Тізім ұстаушылар - эмитентпен шарт бойынша бағалы қағаздардың тізілімін жүргізеді.
3. Келесі топ-трейдерлер мен инвесторлардың кең ауқымы үшін Биржаның қаржы активтеріне қолжетімділікті ұйымдастыратын қатысушылар. Бұл брокерлер, басқарушы компаниялар, сондай-ақ дилерлер. Бұл компаниялар биржада өз атынан да, өз клиенттерінің атынан да мәмілелер жасауға құқылы. Қор биржасындағы делдал функцияларын брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушылары орындай алады. Брокер мен дилер арасындағы негізгі айырмашылық мыналардан тұрады: брокер өз клиенттеріне биржалық операцияларға рұқсат береді, ал дилер өз атынан және өз есебінен барлық операцияларды орындайды.



Дилер бұл, қарапайым айтқанда, бағалы қағаздардың көтерме сатушысы, оларды биржалық немесе биржадан тыс нарықта сатып алып бөлшек саудада өткізу арқылы табыс табады. Брокер-бұл клиенттерге бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша биржада өз бетінше мәмілелер жасауға мүмкіндік беретін және клиенттерден осы қызмет үшін мәміле құнының пайызы түрінде комиссия алатын делдал.

4. Институционалдық инвесторлар және трейдерлер. Бағалы қағаздарды иелену сататын және сатып



алатын қатысушылар.

- Жеке инвестрлер.
- Корпоративтік ұйымдар және заңды тұлғалар. Ұжымдық, пайлық және инвестициялық қорлар, зейнетақы, сақтандыру ұйымдарыды қосымша атап өтуге болады.
- Мемлекеттік компаниялар

5. Барлық қатысушылар үшін ережелерді белгілейтін, қатысушылардың қызметін тұрақты бақылауды жүзеге асыратын және Ережелерді бұзғаны үшін қатаң жазалайтын бас реттеуші жеке топ –бұл Орталық Банк

Нәтижесінде, кез келген нарықтағы сияқты, мұнда сауда-саттықты ұйымдастыратын және операциялар жасауға мүмкіндік беретін персонал, сондай-ақ делдалдар бар. Негізгі қатысушылар сатып алушылар мен сатушылар инвесторлар болып табылады, ал делдалдар инвестрлердің салдарынан сұраныс пен ұсынысты және бағаны қалыптастырады.

Енді Қор нарығының валюта нарығы Форекстен айырмашылығы туралы сөз қозғайық.

Қор нарығы Форекстен ерекшеленеді. Бүгінгі күні қаржы нарықтарында сауданы жүзеге асыру өте тиімді және өзекті процесс, бұл ретте ол үшін арнайы университеттік білім алудың қажеті жоқ. Қаржы нарықтарында сауда жүргізу үшін қажет жалғыз нәрсе, бұл белгілі бір еркін ақша сомасының болуы және осы саладағы қаржылық сауаттылықтың болуы.

Алайда, көптеген бастаушы инвесторлар үшін өз инвестициялық қызметін қай жерде бастау керек, яғни Форекс нарығында ма әлде қор нарығында ма деген сұрақ шешім қабылдауды күрделендіреді. Өйткені көптеген адамдар үшін осы ұғымдар арасында ерекше айырмашылық жоқ сияқты. Расында, қор нарығы мен Форекс нарығы арасында отрақ ештеңе жоқ, және олар бір-біріне тәуелді емес.

Қор биржалары көптеген жылдар бойы қызмет атқарып келе жатқан танымал нарық және олардың ресми заңды мекен-жайлары мен белгілі бір орналасқан жері болады. Форекс нарығының белгілі бір физикалық тіркелген орны жоқ, бұл ретте ол тек банкаралық электрондық жүйелер ретінде қызмет атқарады. Алайда, соңғы уақытта Форекс нарығының қызметі көптеген шет елдердің заңнамалық органдарымен реттеле бастады.

Қор нарығы бағалы қағаздардың кез келген түрімен сауда саттық жасауға арналған орны болса, ал Форекс нарығы – бұл әр түрлі валюта түрлерімен сауда жасау арқылы пайда табу орны. Қор нарығында негізгі жұмыс принципі инвесторлар бағалы қағаздарды сатып алу мен сату бағасының айырмасында пайда табады, ал валюта нарығында Форекс-трейдерлер нақты валюта жұбының баға айырмасында пайда табады. Онда да, сауда-саттықты жүзеге асырудың бірдей принциптері бар: қымбат сату, арзан сатып алу.

Қор биржасындағы бағалы қағаздардың иелері, әдетте, түрлі компаниялар мен ұйымдар болып табылады. Оларды біртіндеп шығарады, ал Форекс валюта нарығында валюталардың иелері болып әр түрлі елдер мен мемлекеттер болып табылады, нарықта сауданы тек компаниялар ғана емес жеке тұлғалар да жасай алады.

Қор және валюта нарықтарындағы капиталдың жалпы көлемі мүлдем әртүрлі. Қор нарығында бағалы қағаздарды сатып алу үшін инвесторларға ондаған, жүздеген мың доллар қажет болады. Активтердің құнына әр түрлі экономикалық факторлар, инвесторлар мен әр түрлі делдалдар қатты әсер етеді. Ал валюта нарығында аз уақыт ішінде, сауатты фундаментальды және техникалық талдауларды қолдану арқылы, аз қаражат негізінде тез пайда табуға болады. Алайда, сондай-ақ тез шығындар да әкелуі мүмкін. Бірақ бұл басқа сыртқы факторларға қарағанда трейдердің сауаттылығына байланысты болуы мүмкін.

Тағы бір айырмашылығы, ол Форекс аптасына бес күн, тәулік бойы жұмыс істейді. Ал қор нарығы белгіленген уақытта, әдетте, қор биржаларының жұмыс кестесіне байланысты тәулігіне сегіз сағаттан жұмыс істейді. Сондықтан, әлемнің әр түрлі елдерінен келген инвесторларға жұмыс уақыты мен нақты қор биржасының сағаттық белдеуіне жиі бейімделуге тура келеді.

Қор нарығында бағалы қағаздармен сауда жасау әлдеқайда қауіпсіз және тиімді. Өйткені қор нарығында операциялар неғұрлым кәсіби деңгейде жүзеге асырылады. Ал Форексте кез келген студент инвестор бола алады. Алайда, әрбір трейдер өзі үшін оған қолайлы қаржы нарығын таңдау керек. Әркімнің өз ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, сондықтан бір нарықты жақсы екіншісін жаман деп айтуға болмайды.

Қор нарығына қатысушылар үшін кәсіби мамандар мынадай кеңестер береді:

1. Жеткілікті дайындығы жоқ жұмысқа кіріспеуіңіз керек. Тек қана опциондар нарығында немесе фьючерс негіздерін білу үшін ғана кем дегенде 10-15 сағат оқып, сауаттылығыңызды ашуыңыз қажет. Ал дәстүрлі қор нарығы жағдайы туралы егжей тегжей үйрену үшін осы уақытты бірнеше есеге көбейту



қажет. Оқуға, үйренуге уақыт аямаңыз, өйткені кейіннен сіз сауаттылық негізінде басқа да қосымша табыс көзіне ие бола аласыз.

2. Кез келген инвестиция - бұл тәуекел, сондықтан пайдалы операциялардан басқа, сізде міндетті түрде шығында болады. Әдетте, сауатты инвестордың пайдалы мәмілелердің саны шығынды мәмілелер саннан бірнеше есе асып түседі, бірақ сіз әрқашан сауда тиімділігін арттыруға тырысуыңыз керек.

3. Тиімді талдау жүргізу үшін инвестор күнделігі, трейдердің күнделігін жүргізіңіз. Күнделіктегі жазбаларды талдай отырып, сіз қандай қателіктер жібергеніңізді, нақты жағдайда қандай операция арқасында табыс түскенін, сауда стратегиясында не өзгерту қажет екенін анықтай аласыз. Осының бәрі сіздің тәжірибе жинау процесін айтарлықтай тездетеді және кем дегенде бір сәтсіздіктің екінші рет қайталанбауына мүмкіндік береді.

4. Тез немесе қомақты табыс емес, тұрақты табыс табу үшін сауда стратегиясы қажет. Шығынсыз табыс болмайды, бірақ өз қаржылық портфеліңізде тез пайда әкелетін тәуекелі жоғары инвестициялардан құрауыңыз дұрыс емес, керісінше баяу бірақ тұрақты табыс әкелетін инвестицияларға да бет бұрған дұрыс.

5. Тәжірибелі трейдерлердің кеңестеріне құлақ салыңыз. Егер кәсіпқойлар өз құпиясымен бөліссе-біліміңізді тереңдету мүмкіндігін жіберіп алмаңыз.

6. Үнемі жетілуге ұмтылыңыз және қол жеткенде тоқтамаңыз. Тәжірибе көрсеткендей, тұрақты дамып, өзін жетілдіретін, жаңа мақсаттар мен биіктерге ұмтылатын адам ғана толық өмір сүреді.

7. Жұмыс кезінде эмоцияларыңызды ысырып тастауға тырысыңыз, олар тек кедергі болады.

8. Биржада шектен тыс ойнаудың қажеті жоқ. Әдетте, кез келген басқа салада жұмыс істегенде, сіз өз қызметіңізге көп уақыт бөлсеңіз – ол табыс әкеледі. Биржада бәрі керісінше: егер сіз тым ұзақ уақыт биржа ойынында жұмыс істеп кетсеңіз – эмоциялар сізді жеңе бастайды, объективтілік жоғалады және нәтижесінде сіз қателерді жібересіз. Биржадағы көп өзгерістерге мән бермей үйреншікті нәрсе сияқты қабылдап, немесе өзіңізге асыра сеніп, өткен тәжірибе мен интуицияға салып кетуіңіз мүмкін. Сондықтан, қысқа мерзімде көптеген сауда мәмілелерін жасаған алған дұрыс.

Опциондар биржасы үшін ең жоғары шектеуді тәулігіне 7-8 позиция деңгейінде орнатуға болады, ал егер сіз дәстүрлі қор нарығында жұмыс істейтін болсаңыз – күніне бір операциямен шектелген дұрыс.

21-дәрістің түйіндемесі

Қор нарығы түсінігінің мәні және мазмұны

Қор нарығы-бұл қаржы нарықтарының ерекше түрі, онда акцияларды, облигацияларды, опциондарды сатып алу немесе фьючерстік келісім-шарт жасау мүмкіндігі бар. Қор биржасы инвестициялау үшін де, бизнес пен алысатарлық үшін де пайдаланады. Ең алдымен, қор нарығы мен бағалы қағаздар нарығы-бұл бірдей емес. Бағалы қағаздар нарығы деп рыноктың әртүрлі қатысушылары арасындағы түрлі бағалы қағаздардың айналысуына, шығарылуына, сондай-ақ айналыстан алынуына байланысты кез келген қатынастарды классикалық түрде түсінеді. Бағалы қағаздар нарығы осылайша биржалық және биржадан тыс сектордағы операциялардың барлық түрлерін қамтиды. Өз кезегінде қор нарығы - бұл қор биржасы түрінде құрылымдалған және ұйымдастырылған нысанда жұмыс істейтін жалпыұлттық бағалы қағаздар нарығының бөлігі.

Қор нарығының негізгі қатысушылары.

Бағалы қағаздар нарығындағы негізгі қатысушылар:

- эмитенттер
- биржа механизмін бақылаушылар
- диллерлер мен брокерлер
- инвесторлар

Қор нарығы Форекстен ерекшеленеді

Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттықты өткізу орны болып ең үлкен қаржы әлемдік орталықтарда орналасқан қор биржалары болып табылады, ал Форекс нарығы ресми сауда-саттықты өткізу үшін белгілі бір орны жоқ нарық болып табылады. Форексте сауданы тікелей үйде, офисте, көлікте ждасай аласыз, ең бастысы компьютер және интернет болуы шарт



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Қор нарығының инфрақұрылымы

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Қор нарығының маңыздылығын талқылаңыз
2. Қор нарығындағы негізгі қатысушыларға сипаттама беріңіз
3. Қор нарығы мен форекстің қандай айырмашылықтары бар?

Бақылау сұрақтары:

1. Қор нарығының мәнін және мазмұнын ашып көрсетіңіз
2. Қор нарығында сатылатын бағалы қағаздардың түрлеріне сипаттама беріңіз
3. Форекс дегеніміз не?
4. Биржалық және биржалық нарықтарды салыстырыңыз.

Қосымша ресурстар

1. Р. Т. Кийосаки.: Богатый папа, бедный папа. М: Издательство Попурри, 2016 г. 224 с
2. Грэм Бенджамин Разумный инвестор. Полное руководство по стоимостному инвестированию. М:Издательство Альпина Паблицер, 2017 г. 568 страниц
3. Уоррен Баффетт, Джон Грэшем Правила богатства. Уоррен Баффет. М.:Издательство АВ Publishing, 2017